



Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2006 жылғы 28 қыркүйектегі N 31/303 шешімі. Қарағанды облысы Шет ауданы Әділет басқармасында 2006 жылғы 27 қазанда N 8-17-27 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 қыркүйектегі N 26/273 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2010.09.28 N 26/273 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі N 949 "Қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеу Қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидасы бекітілсін.

2. Аудандық Мәслихаттың 2006 жылғы 27 маусымдағы ХХІХ - сессиясының "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің Қағидаларын бекіту туралы" N 29/284 және "Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының (адамының) жиынтық табысын есептеу Ережесін бекіту туралы" N 29/285 шешімдерінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы шешімнің орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ. Тілеубергеновке жүктелсін.

4. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Ш. Бекішев

Аудандық Мәслихаттың хатшысы

Р. Мақсұтов

Мәслихаттың

сессиясының

2006

жылғы

28

қыркүйектегі

XXXI

сессиясының

N

31 / 303

шешімімен

бекітілген

Тұрғын үй жәрдемақысын беру Қағидасы

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

Осы Қағида Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдарына және "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 қаулысына сәйкес әзірленді және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібін белгілейді.

Ескерту. Абзац жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

1. Жалпы ережелер

Осы Қағидада мынандай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) тұрғын үй жәрдемақысы - аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, сонымен қоса кондоминиум нысандарының жалпы мүліктерін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер төлемдері үшін берілетін жәрдемақы және әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне төленетін өтемақы.

2) отбасы - заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекен-жай бойынша бірге тұратын және тіркелген, отбасы құрамында тұратын некеден, туыстық, асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың басқа да үлгілерінен шығатын мүліктік және мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысатын т ұ л ғ а л а р с а н ы ;

3) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға (бұдан әрі - өтініш беруші);

4) жиынтық табыс – отбасының ақшалай да, заттай да нысанда алған т а б ы с ы н ы ң ж а л п ы с о м м а с ы ;

5) Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі уәкілетті орган – "Шет

ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік м е к е м е с і ;

б) жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым - екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар.

7) Кондоминиумның нысандарының жалпы мүліктерін күрделі жөндеу бойынша шығындар – көпқабатты тұрғын үйлерді ағымдағы және күрделі жөндеуге жұмсалған төлемдер

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

2. Тұрғын үй жәрдемақысы тұрғылықты мекен-жайда тұрақты тұратын адамдарға мынандай жағдайда, егер тұрғын үйді күтіп ұстау мен коммуналдық қызметті тұтыну төлеміне шыққан шығын тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстауға сонымен қоса кондоминиум нысандарының жалпы мүліктерін күрделі жөндеуге, сонымен қатар телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. Тұрғын үйді күтіп ұстауға және тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесі 15 % мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен белгіленеді (жыл сайын Мәслихаттың шешімімен сәйкесінше жылға бюджетті бекіту кезінде белгіленеді).

Ескерту. 2 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

2. Көрсетілетін тұрғын үй жәрдемақысының мөлшерін анықтау

3. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі мөлшерде беріледі:

1) өтемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызілікті азаматтар үшін - 30 шаршы метр;

2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері: г а з :

орталықтандырылған ыстық сумен жабдықталған жағдайда- айына 8

к и л о г р а м м ;

орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда – айына 10 килограмм;

қ а т т ы о т ы н :

1 шаршы метр алаңды жылытуға – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 100 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 69 килограмм, 5 қабатты салынған үйлерге 38 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегенде), үйге 10 тонна көмірден артық болмауы тиіс.

Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

отбасына электр қуатын тұтыну:
газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;
электр плитасы бар үйлерде – 250 киловатт.

3) суық суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншіктерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай) басқару үлгісіне байланыссыз тарифтерді бекітетін органдармен белгіленеді.

4) абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің мөлшері қолданыстағы абоненттік төлемақы мен 2004 жылғы қыркүйекте қолданылған абоненттік төлемақы арасындағы айырма ретінде.

5) Кондоминиумның нысандарының жалпы мүліктерін пайдалануға және күрделі жөндеуге жататын жұмыстар тізімі мен жасалу кезегі кондоминиум нысандарын басқарудың меншік нысанына қарамастан пәтер иелерінің жалпы ж и н а л ы с ы н д а б е к і т і л е д і

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі); 2008.09.30 N 8/114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз); 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) ш е ш і м д е р і м е н .

4. Тұрғын үй төлемі мен коммуналдық қызметке белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

3. Тұрғын үй жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі

5. Тұрғын үй жәрдемақылар осы елді мекенде тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жолдаушы) жеке тұлғаларға тағайындалады. Отбасы құрамында балалары, немерелері бірге тұратын, пәтер иесі болып табылатын зейнеткерлерге жәрдемақы тағайындалады .

6. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын

алуға

құқықтарын

жоғалтады.

7. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған сексен жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) және сондай-ақ 4 және одан да көп баланы-бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұрса, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоқ.

Ескерту. 7 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

8. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін уәкілетті орган жанындаға арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

9. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға сонымен қоса кондоминиум нысандарының жалпы мүліктерін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер және телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына нақты төлемақыны аудару соммасынан артуы тиіс емес.

Ескерту. 9 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

10. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол ақысыз беріледі. Қолма-қол ақысыз төлемнің үлгісі - бұл тұрғын үй жәрдемақысының тең сомасына тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді ұстауға төлемді азайтады. Тұрғын үй жәрдемақысының соммасы коммуналдық қызметтерді жеткізушіге аударылады.

Тұрғын үй жәрдемақысының төлемі жәрдемақылар төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдар бюджет қаражаты есебінен азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.

11. Есеп шотқа тұрғын үй жәрдемақысының сомаларын аудару кезінде уәкілетті орган салым салушыларының бір жолғы тапсырмалары негізінде тұрғын үй жәрдемақысы сомалары салымын аудару үшін банктік есеп-қисаптың формаларын толтыру жолымен бөлінген қаржыны мақсатты пайдалануларын тексеру қажет.

12. Уәкілетті органдар тұрғын үй жәрдемақысын алғаннан кейін коммуналдық қызметтер мен тұрғын үйді ұстауға сонымен қоса кондоминиум

нысандарының жалпы мүліктерін күрделі жөндеуге шыққан нақты шығындарды

Бір айдың ішінде дәлелсіз себептермен төлемеген (науқастануы, уақытша болмауы және тағы басқалар) азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды тоқтатып, берілмесін. Тұрғын үй жәрдемақысын тоқтатып, оны бермеу туралы мәселесін комиссия тұрғын үй жәрдемақы алушысының қатыстыруымен қарайды. Комиссия шешім көшірмесін өтініш берушіге т а п с ы р а д ы .

Ескерту. 12 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м е н .

13. Тұрғын үй жәрдемақылары төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Тұрғын үй жәрдемақыларды беру мерзімдері

14. Тұрғын үй жәрдемақылар тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті құжаттармен бір жылға тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес болады.

Тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынған отбасылар құжаттарды нақты тапсырған күннен бастап емес, тұрғын үй жәрдемақысын бір тоқсанға алады.

Ағымдағы тоқсан бойы отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді ұсынбаған отбасылар, себебіне қарамай, тұрғын үй жәрдемақыларды есептеу құжаттар ұсынылған айдан бастап жүргізіледі.

15. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 15 күннің ішінде тұрғын үй жәрдемақысын алу құқығына және мөлшеріне әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауы керек.

16. Тұрғын үйді ұстауға сонымен қоса кондоминиум нысандарының жалпы мүліктерін күрделі жөндеуге және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

Ескерту. 16 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі) ш е ш і м е н .

17. Жәрдемақыға құқықтыларды анықтау кезінде, басқа қалаларда уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар есепке алынбайды.

5. Тұрғын үй жәрдемақыларын өтіну және есептеу тәртібі.

18. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе кенттің, ауылдық (селолық) округтың

әкіміне және тұрғылықты жері бойынша халыққа қызмет көрсету орталығына келесі құжаттармен өтінеді:

- 1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) тұрғын үйге құқығын анықтайтын құжаттардың көшірмесі (ордер, тұрғын үй жекешелендіргені туралы келісім-шарт, сату-сатып алу келісім шарты, сыйға беру келісім шарты, мұрагерлік құқығы жөніндегі куәлік, жалдау (жалға алу) келісім шарты, меншік құқығын тану жөніндегі сот шешімі және басқалар);
- 4) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы, пәтердің карточкасы, үй кітабы) және тұрғылықты жерін анықтайтын құжаттың көшірмесі;
- 5) өтініш берушінің отбасы жағдайын анықтайтын құжаттың (неке туралы немесе некені бұзу туралы куәлік, жалғызбасты 65 жастан асқан адамдарды қоспағанда) көшірмесі;
- 6) отбасы мүшелерінің қызмет түрі жөнінде мәлімет (еңбек кітапшасының көшірмесі, жұмыс орнынан анықтама және басқалар);
- 7) тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызметтерге төлеу жөніндегі шығындар туралы мәліметтер (түбіртек);
- 8) өтініш берушінің телекоммуникациялар желісінің абонементі екендігін анықтайтын (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметтер есебінің түбіртегі) құжаттың көшірмесі;
- 9) отбасы мүшелерінің табысы жөнінде мәлімет;
- 10) жұмыссыздар тұрғылықты жер бойынша жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті органның анықтамасын тапсырады;

Ескерту. 18 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

19. Құжаттар түпнұсқасымен және көшірмесін салыстырып тексеру үшін тапсырылады, одан соң түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылып беріледі.

20. Қажеттілігіне қарай уәкілетті орган тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша). Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

21. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беру үшін негіз болып табылады. Уәкілетті органмен ай сайын тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау есебі жүргізіледі, ол өтініш берушінің өтініміне қарай беріледі.

22. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда уәкілетті орган

сұраныс жасауға құқықты, ал заңды тұлға мен жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруге міндетті.

23. Жәрдемақы мөлшері тұрғын үйді ұстауға сонымен қоса кондоминиум нысандарының жалпы мүліктерін күрделі жөндеуге және коммуналдық қызметті пайдалануға тұрғын үй жәрдемақысын алушысының телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына төлем мен тұрғын үй жәрдемақы алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

Ескерту. 23 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2007.07.09 N 39/399 (2007 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі); 2009.10.15 N 17/208 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

6. Жиынтық табысты есептеу тәртібі

24. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

25. Отбасының жиынтық табысын есептегенде отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

26. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақысына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

27. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

28. Бір тоқсаннан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және т.б. бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық сомасы есептеледі.

29. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

30. Орташа жан басына шаққандағы табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері

31. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезеңде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
- 3) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі т а б ы с ;
- 4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;
- 5) өзге де табыс .

32. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй жәрдемақысы;
- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек .

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

б) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент ;

7) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу ;

8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес: дәрілік препараттар ;

санаторийлік-курорттық емдеу;

протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);

жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары ;

білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері .

11) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;
12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

13) әлеуметтік қорғалмаған және күнкөрісі төмен отбасылардың шыққан білім алушыларға жалпы білім беретін мектептерді ағымдық ұстауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың бір пайызынан кем емес мөлшерде қаржылық және материалдық жәрдем көрсетуге бағытталған қаражаттың есебінен көрсетілген ыстық тамақпен көмектің және азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне байланысты аз қамтамасыз етілген азаматтарға көрсетілген ақшалай немесе заттай түрдегі көмектің құны

Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Шет аудандық мәслихатының 2008.09.30 N 8/114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

8. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс

33. Жиынтық табысты есептеу кезінде отбасының мынадай (осы Ереженің 32 - тармағында көрсетілгендерден басқа) түрде алынған табысы есепке алынады:

1) жұмыс беруші еңбекақы ретінде есептеген, атап айтқанда: жалақының барлық түрлері, оның ішінде кесімді, мерзімді, сондай-ақ ақшалай және заттай нысандағы сый-ақылар, қосымша ақылар, үстемеақылар (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалақысы сақталатын кезеңге қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленетін ақшалай соманы қоса алғанда, қаржыландыру көзіне қарамастан);

демалыс уақытында сақталатын жалақы, сондай-ақ пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін ақшалай өтемақы;

ұйым (заңды тұлға) таратылған немесе жұмыс берушінің (жеке тұлғаның) қызметі тоқтатылған, қызметкерлер саны немесе штаты қысқартылған жағдайда жеке еңбек шартының бұзылуы кезінде, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде төленетін өтемақылар;

уақытша, маусымдық және қоғамдық жұмыстарды орындау кезеңіндегі ж а л а қ ы ;

маусымдық жұмыстармен айналысатын қызметкерлердің жалақысы оны алған кезеңнен бастап отбасының жиынтық табысына есептеледі. Жалақы болмаған кезеңде ол жиынтық табысқа есептелмейді;

сақтандыру агенттері мен брокерлерге төленетін комиссиялық сыйақы; бала туғанда және жерлеуге берілетін жәрдемақылардан басқа, жалақы есептеу кезінде ескерілмейтін және ұйым қаражатының есебінен төленетін басқа да т ө л е м тү р л е р і ;

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің ақшалай үлесін қоспағанда,

әскери қызметшілердің, оның ішінде келісім-шарт бойынша қызмет өткеріп жүргендердің және ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының, сондай-ақ соларға теңестірілген азаматтар санаттарының үстемеақылар мен қосымша ақылар ескерілген ақшалай үлесі; жалдау бойынша төленетін еңбекақы; жұмыс беруші төлеген несиенің сомасы. Көрсетілген төлемдер несиенің өтеудің белгіленген мерзіміне бөліп таратылады.

2) әлеуметтік төлемдер, атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының заңдарында және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерінде белгіленген тәртіппен тағайындалатын зейнетақылардың барлық түрлері, оларға өтемақы төлемдері;

мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар; арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар;

жерасты және ашық кен жұмыстарында, сондай-ақ еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар;

мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;

бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне берілетін мемлекеттік жәрдемақылар және 18 жасқа дейін балалар жәрдемақысы; үйде тәрбиеленетін және оқитын мүгедек-балаларды материалдық қамсыздандыру;

қаржыландыру көзіне қарамастан, оқушыларға, студенттерге, аспиранттарға, докторанттарға, басқа да оқу орындарының тыңдаушыларына төленетін стипендия;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен берілетін әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі жәрдемақылар;

1, 2-топтағы жалғыздікті, басқа адамның көмегіне мұқтаж мүгедектердің мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларына қосылатын күтімге арналған қосымша үстемеақылар мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының шешімі бойынша бюджеттен берілетін басқа да ұдайы төлемдер;

жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен көрсетілетін, қалаішілік қоғамдық көлікте жүруге берілетін материалдық (әлеуметтік) көмек;

Қазақстан Республикасының заңдары мен заңнамаларына және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес берілетін, осы Ереженің 32-тармағының

10) тармақшасында көрсетілгендерден басқа, заттай көмек түрлерінің құны, сондай-ақ осы көмектің орнына төленетін сома;

осы бөлімде көрсетілген, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген, жергілікті мемлекеттік басқару органдары, мекемелер

мен басқа да ұйымдар белгілеген барлық төлем түрлеріне өзге де үстемеақылар
мен қосымша ақылар.

34. Жиынтық табыстың құрамына қызметкер еңбек және қызметтік міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңнамаға сәйкес жұмыс беруші төлейтін бір жолғы төлемдер мен ай сайынғы сома қосылады.

35. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша (мердігерлік және басқа) жұмыстарды орындайтын адамдардың табысы шарт қолданылатын бүкіл кезеңге жиынтықталады. Алынған табыс жұмысты орындау үшін шартта көзделген айлардың санына бөлінеді және есепті кезеңге келетін айлардағы жиынтық табыста есепке алынады.

36. Азаматтық-құқықтық шарттар бойынша, оның ішінде ғылыми, әдеби және өнер туындыларын және т.б. жасауға, шығаруға, орындауға немесе өзге де пайдалануға алынған, осы шарт есебіне аванспен төленетін сыйақылар аванс берудің бүкіл кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады, ал қалған сома шарттың аванс бергеннен кейінгі қолданылу кезеңіне (ай сайын теңдей үлеспен) есепке алынады.

37. Авторлық сыйақылар (шарттар болмаған кезде), сондай-ақ жаңалық ашқаны, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстары үшін сыйақылар жиынтық табысқа сыйақы сомасын ол алынған айлардың санына бөлуден алынған үлес мөлшерінде қосылады және есепті кезеңге келетін айлардың санына көбейтіледі.

38. Еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынған табыс олардың мөлшері туралы анықтамалармен расталады.

9. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен алынған табыс

39. Жиынтық табысты есептеу кезінде кәсіпкерліктен және басқа да қызмет түрлерінен:

- 1) өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан;
- 2) тауарлық-материалдық құндылықтарды, мүлікті сату кезіндегі құн өсімінен;
- 3) шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде және шартты жер үлесі мен мүлік жарнасынан алынған.

Шаруа қожалығы мүшелерінің жиынтық табысын есептеу салық органдарына ұсынылатын, алынған табыс туралы декларацияда көрсетілген ауыл шаруашылығы өнімін сатудан нақты алынған табыс ескеріле отырып жүргізіледі. Бұл ретте жылдық табыс он екі айға бөлінеді және оның тиісті бөлігі айқындалатын кезеңдегі жалпы жиынтық табысқа қосылады;

- 4) өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс есепке алынады.

40. Жекелеген азаматтарда, жұмыс істейтін адамдар жалақысын шарттың көшірмесімен, жалға алушының анықтамасымен немесе өтініш негізінде
р а с т а й д ы .

Жекелеген азаматтарда шарттар жасамай жұмыс істейтін адамдардың жиынтық табысы олардың өтініштері негізінде расталады. Бұл ретте жалақының заттай бөлігі жиынтық табысқа нарықтық баға бойынша ақшалай баламада
қ о с ы л а д ы .

41. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың табысы жазбаша өтінішпен
р а с т а л а д ы .

42. Кәсіпкерлік қызметпен арнаулы салық режимі жағдайында айналысатын адамдардың табысы бір жолғы талон, патент, оңайлатылған декларация негізінде
р а с т а л а д ы .

Шаруа (фермер) қожалығы қызметінің нәтижесінде алынған табысты қоса алғанда, ресми расталмаған табыс әрбір жұмыс істеушіге шаққанда ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

10. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс

43. Балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент жиынтық табыс
қ ұ р а м ы н д а е с е п к е а л ы н а д ы .

Алименттер, сондай-ақ алимент төлеушінің жалақысын қайта есептеуге байланысты алынған алименттің қосымша сомасы жиынтық табысқа олардың алынған
у а қ ы т ы б о й ы н ш а е с е п к е а л ы н а д ы .

44. Адамдардың асырауындағыларды ұстауға міндетті адамның тұрғылықты жері туралы мәліметтердің болмауы себебінен алимент өндіріп алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, отбасының жиынтық табысы көрсетілген адамның іздеуде жүргені туралы тиісті органдардан алынған құжаттар қоса берілген жазбаша өтініш
н е г і з і н д е е с е п т е л е д і .

45. Егер төлеуші алимент төлеуден жалтарған жағдайда, жиынтық табысқа алимент
е с е п к е а л ы н б а й е с е п т е л е д і .

46. Егер ата-анасының арасында неке бұзылмай жұбайлардың біреуінен алимент өндіріп алынса, осы жұбайы отбасымен бірге тұрған кезде оның табысы жиынтық табыста толық есепке алынады. Жұбайлар бөлек тұрған жағдайда, отбасының жиынтық табысында алимент есепке алынады.

47. Егер баланың анасы баланың әкесімен тіркелген некеде тұрмаса, онымен бірге тұрмаса және алимент өндіріп алу туралы сот шешімі болмаса жиынтық табысқа алиментті
е с е п к е а л м а й е с е п т е л е д і .

48. Балаларға және басқа да асырауындағыларға алынған алимент ұйымдардың аударылған алимент туралы анықтамаларымен не почта аударымдарының алынған алимент туралы түбіртегімен, сондай-ақ сот

органдарының алимент өндіріп алу туралы шешімі қоса берілген жазбаша өтініш негізінде расталады. Алимент бойынша 3 айдан астам кезең үшін берешек пайда болғанда сот орындаушысының алимент бойынша берешекті айқындау туралы қаулысы ұсынылады.

11. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын, жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табыс

49. Жеке қосалқы шаруашылықты жүргізуден алынған табыстың отбасының құрамында ескерілген әрбір мүшесіне келетін үлесі балаларға арналған жәрдемақы алуға үміткер отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

50. Жеке қосалқы шаруашылықтан (үй малын, құс өсіруден, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден) түскен табыс жиынтық табыстың құрамына қосылады.

51. Жиынтық табыста есепке алынатын жеке қосалқы шаруашылықтан, ауыл шаруашылығы (гүл) өнімдерін өсіруден, мал мен құс ұстаудан және өсіруден алынған табыс өтініш берушінің кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі немесе басқа да құзыретті орган растаған жеке қосалқы шаруашылығының болуы және мөлшері туралы мәліметтерінің негізінде әрбір отбасы бойынша есептеледі.

52. Жеке қосалқы шаруашылықтан алынған табысты уәкілетті орган осы Ереженің 1, 2, 3, 4, 5 қосымшалардың негізінде есептейді.

Жеке қосалқы шаруашылықта өсірілген гүл өнімдерін сатудан, сондай-ақ терісі бағалы аңдар, ара, құс (тауықтан, қаздан, үйрекпен басқа) өсіруден алынған табыс жиынтық табысқа жазбаша өтініштің негізінде қосылады.

53. Бір сотка жерден (бір бастан) өндірілген өнімнің құны өсірілетін дақылдың орташа түсімін (жеке қосалқы шаруашылықта ұсталатын мал мен құстың орташа өнімділігін) 1 кг өнімнің орташа бағасына көбейту жолымен айқындалады (осы Ережеге 2, 3-қосымшаларға сәйкес) және шығыстардың орташа деңгейі шегеріледі.

54. Табысты есептеу үшін алдыңғы күнтізбелік жылдың өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдеріне облыста қалыптасқан, облыстық статистика органдары облыстық уәкілетті органға ұсынатын орташа жылдық бағалары пайдаланылады.

Малды (құсты) есепті кезеңде сату кезінде жиынтық табысқа облыстық статистика органдарының деректері бойынша тірі мал нарығында қалыптасқан бағалар бойынша бір жолғы табыс қосылады.

Жиынтық табыс жұмыс малы (жылқы, түйе және басқалары) мен бір жыл ішінде төлдемеген малдан (мәселен, қысыр сиыр) түскен табыс ескерілмей есептеледі. Жеке қосалқы шаруашылықта көрсетілген мал бір жылдан астам ұсталса, табыс ет бағытындағы малдан түскен табыс ретінде есепке алынады.

55. Осы Ереженің 4-қосымшаға сәйкес өнім бермейтін жастағы (төл) үй малынан, құстан түсетін табыс ол сыйға тартылған немесе өткізілген (сату, сою және т.б.) жағдайда ғана есепке алынады. Төлдің құны отбасының жиынтық табысына тірі мал нарығында қалыптасқан, облыстық статистика органдары ұсынған бағалар бойынша қосылады.

56. Осы Ереженің 53-тармағында көрсетілгендерден басқа, үй малы, құс болған кезде жиынтық табыс табыстың жылдық сомасын он екі айға бөлу жолымен айқындалады. Шыққан сан есепті кезеңдегі айлардың санына көбейтіледі.

57. Жеке қосалқы шаруашылықтан түскен табыс есебінің жеке нормативтік карточкасын осы Ереженің 5-қосымшаға сәйкес балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің деректері негізінде толтырады.

12. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын өзге табыс

58. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс есепке алынады:

- 1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;
- 2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);
- 3) шетелдік валютаны өткізуден;
- 4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антиквариат сатудан;
- 5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;
- 6) авторлық сыйақы түріндегі;
- 7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;
- 8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;
- 9) қайтарымсыз алынған ақша;
- 10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мүдде);
- 11) ақшалай аударымдар;
- 12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотореялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;
- 11) туыскандарының және басқада адамдардың ақшаалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімдеген табыс.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша өтінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің

жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

59. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде е с е п к е а л ы н а д ы .

60. Алынған несиелердің (шағын несиелердің) сомасы жиынтық табыста е с е п к е а л ы н б а й д ы .

61. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табысқа қосылады.

Басқа тұрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған тұрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің

Қағидаларына N 1-қосымша

Қарағанды облысының табиғи жағдайы бойынша әкімшілік-аумақтық аудандардың Тізбесі

2. Қуаң дала аймағы	
Қарағанды	1. Нұра 2. Қарқаралы 3. Осакаров 4. Абай 5. Бұқар жырау Қарағанды қаласы Сарань қаласы Шахтинск қаласы Теміртау қаласы
3. Шөлейтті аймақ	
Қарағанды	1. Жаңаарқа 2. Шет 3. Ақтоғай 4. Ұлытау Жезказған қаласы Балқаш қаласы Қаражал қаласы

Приозерск қаласы

Сәтбаев қаласы

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын
 үйді ұстауға, коммуналдық қызмет
 көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды
 беру және қалалық телекоммуникация
 желілерінің абоненттеріне телефон
 үшін абоненттік ақы тарифтерінің
 арттырылуына өтемақы берудің

Қағидаларына N 2-қосымша

Қуаң дала аймағындағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа еңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-ағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	20	268			
Арпа	25	188			
Қарамық	5	150			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	15	91			
Бір жылдық шөптер	10	83			
Картоп	70	1164			
Көкөністер	80	1245			
Бақшалар	115	518			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	30	583			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	22	514			
Жидек дақылдары	23	819			
Жүзім	22	595			

Мал шаруашылығының өнімі

Өнім	1 бастан алатын орташа өнімділік кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмырт қанын) орташа бағасы, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің орташа бағасы теңге (2-бағ. x 4-бағ.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-ағ.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1900	21034			

Етті ірі қара мал (сыыр еті)	179	16435		
Шошқалар (шошқа еті)	110	9107		
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,5	3042		
Жылқы (жылқы еті)	124	7446		
Түйе (түйе еті)	126	2979		
Жұмыртқалайтын құс (200 жұмыртқа жұмыртқа)		728		
Етті құс (құс еті)	2,5	489		
Жүзім				

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желіліерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің

Қағидаларына N 3-қосымша

Шөлейтті аймақтағы жеке қосалқы шаруашылықтан түсетін табысты есептеудің нормативтік карточкасы

Өсімдік шаруашылығының өнімі

Өнім	Жердің 1 соткасының орташа түсімі, кг	Жердің 1 соткасына жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің орташа бағасы, теңге	1 соткадан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. x 4 -бағ.)	1 сотка жерден түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Бидай	10	226			
Арпа	15	174			
Қарамық	8	153			
Жүгері (жасыл салмағы)	100	128			
Көп жылдық шөптер	10	91			
Бір жылдық шөптер	10	84			
Картоп	70	1102			
Көкөністер	90	1249			
Бақшалар	85	458			
Шекілдеуік бақтары (алма, алмұрт және басқалары)	22	525			
Сүйекті жеміс бақтары (өрік, қара өрік және басқалары)	20	498			
Жидек дақылдары	10	589			
Жүзім	20	564			

Мал шаруашылығының өнімі

--	--	--	--	--	--

Өнім	1 бастан алынатын орташа өнімділік, кг (л)	1 басқа жұмсалған шығыстың орташа деңгейі, теңге	1 кг өнімнің, (1 л, 10 дана жұмыртқаның) орташа құны, теңге	1 бастан өндірілген өнімнің құны, теңге (2-бағ. х 4-бағ.)	1 бастан түскен табыс (+), шығыс (-), теңге (5-бағ. - 3-бағ.)
1	2	3	4	5	6
Сүтті ірі қара мал (сүт)	1100	19944			
Етті ірі қара мал (сиыр еті)	165	16016			
Шошқалар (шошқа еті)	110	8462			
Қойлар, ешкілер ет/жүн	22/2,25	1200/105			
Жылқы (жылқы еті)	138	6044			
Түйе (түйе еті)	1140	2925			
Жұмыртқалайтын құс (200 жұмыртқа жұмыртқа)		728			
Етті құс (құс еті)	2,5	489			

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы берудің

Қағидаларына N 4-қосымша

АЗЫҚ-ТҮЛКТІК ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН ҮЙ МАЛДАРЫ МЕН ҚҰСТАРЫНЫҢ ЖАСЫ

Малдардың түрі	Өлшем бірлігі	Өнім беру жағдайына жеткен мал төлінің және құстардың жасы
Ірі қара мал	ай	25
Қойлар мен ешкілер	ай	12
Шошқалар	ай	10
Жылқылар	ай	16
Түйелер	ай	18
Жұмыртқалайтын құс	күн	195
Етті құс	күн	125

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларды беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің

арттырылуына

өтемақы

берудің

Қағидаларына N 5-қосымша

**Жеке қосалқы шаруашылығынан түсетін табыс есебінің
ҮЛГІ ЖЕКЕ НОРМАТИВТІК КАРТОЧКАСЫ**

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____

Үйінің мекен-жайы _____

Ауыл шаруашылығы дақылдарының, үй малдарының, құстарының түрлері	жер, сотка, мал басы, саны	жылына түсетін табыс нормативі, теңге	жылына түсетін табыстың барлығы, теңге	бір тоқсанда түсетін табыстың барлығы, теңге
Бидай				
Арпа				
Дәні алынатын жүгері				
Күріш				
Қарамық				
Картоп				
Көкөністер				
Бақшалар				
Күнбағыс				
Қант қызылшасы				
Темекі				
Шекілдеуік бақтары				
Сүйекті жеміс бақтары				
Жемістер				
Жүзім				
Көп жылдық шөп				
Бір жылдық шөп				
Жасыл жемге берілетін жүгері				
Сүтті ірі қара мал				
Етті ірі қара мал				
Шошқалар				
Қойлар мен ешкілер				
Жылқылар				
Түйелер				
Жұмыртқалайтын құс				
Етті құс				
Жиыны: бір жылғы табыс	x	x		
Жиыны: бір тоқсандағы табыс	x	x	x	x

200__ ж.

"__"

(өтініш берушінің қолы)

_____ (есепті жасаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

